• Тұлға



# БЕЛАСУ

Дүние асқан шеберлікпен жаралып, адам баласы өссін-өнсін, жапырақ жайсын, тамыр жіберсін, бір-бірімен аралассын, бір-бірінен өнеге алсын, үлгі тұтсын дегені ақиқат-ау. Мен Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевты өзгеше тазалық сезіліп тұратын мейірімді, шыншыл, әділдігі бар, ғазиз адам деп ұғамын. Бұл ыстық отпен, жалынды екпінмен "көпшік" қою емес, себебі ол саясатта аяғын апыл-тапыл басып жүрген жас кадр емес. Мен саясат "базарына" бара жатқан жан емеспін. Біздікі — жүрек түкпіріндегі жылылықты жеткізу.

1989 жылы менің КСРО делегациясының құрамында Қазақстанның атынан Қытайға баруға жолым түсті. Делегацияны "За рубежом" журналының бас редакторы Морозов бастап барды. Мен ол кезде Қазақстан Журналистер одағы төрағасының орынбасары едім. Сапар барысында өз елшілігімізде болдық. Ол кезде Кеңес Одағының Қытайдағы елшісі Олег Александрович Трояновский еді. Кремль дипломаттарының арасындағы ең үздігі саналатын. Бұл орайда Олег Александровичтің өзгеше әрі қызықты дипломатиялық тағдыры туралы атап өткен жөн болар еді. Өмір бойы сіздің тап қасыңызда, қиналғанда іштей ақылдасатын, қуанғанда дәл осы адамның шалымдылығымен әзіл айтқыңыз келіп тұратындай күйге түсіретін жандар болады ғой, Олег Александрович дәл сондай ерекше жан еді. Белгілі партия қайраткерінің және дипломаттың ұлы, американ мектебінің және ММУ-дің филология факультетінің түлегі, Сталиннің аудармашысы және Хрущевтің көмекшісі, КСРО-дан тысқары жерлерде ширек ғасырға таяу уақыт жұмыс істеген ол дипломатиядағы ірі тұлға еді, әрі өзгеше ойлайтын шығармашыл адам болатын.

Өткен ғасырдың 1970-1980 жылдары Қытаймен қатынасты қалыпқа келтіру Кеңес Одағы үшін өте қиын еді. Ұзақ жылдар бойғы түсінбестік, қырғиқабақ көзқарас пен кінәласудан кейін екі ел арасындағы байланыстың бойына қан жүгіруіне дәл осы елші көп еңбек сіңірді. Ол халықаралық мәселелерді жетік білуімен ғана емес, өзгеге сыр аша қоймайтын қытайлықтарды тапқыр әзілмен, шынайы мінезімен баурап алған. Осы бір мақтаулы елшімен жүздесу барысында менің қазақ екенімді білгеннен кейін:

— Осында болашағы зор бір жігітіміз бар, өзіңіздің жерлесіңіз, сол сіздің қасыңызда болып, елді таныстырады, аты — Қасым, — деді, содан кейін, — оның сауаттылығы мен ұқыптылығына сеніп кеткендігім сондай, алдыма әкелген қағаздарына көзімді жұмып қол қойып беремін, — деп әзілін де араластырып қойды. Халықаралық қатынастың бүкіл бүге-шігесін таңғаларлықтай деңгейде білетін, дипломатиялық тәжірибесі аса мол елшінің қазақ жігіті туралы осылай айтқанына ішім жылып қалды.

— Мен оның әкесі, Ұлы Отан соғысының ардагері, чекистер тақырыбына арналған оннан астам кітабы бар жазушы Кемел Тоқаевты жақсы білемін, адал, парасатты азамат еді, — дедім.

— Онда ізгіліктің ізін қуған әкесіне тартыпты. Өте зиялы, мен ғана емес, бүкіл ұжым сыйлайды. Білім байлығымен бізді қуантып жүр, — деп Олег Александрович сүйіспеншілігін ақтарып салды.

— Қазақтарға бақ-қыдыр дарып тұрған кезең болды-ау, — деп Морозов та әңгімеге араласты.

— "Балаң жақсы болса, сырттан ырыс әкеледі", деген қазақта сөз бар. Біздің Қасым қайрап қойған қылыштай болғаны ғой, онда, — деп мейірленіп қалдым.

Араға он-он бес минөт салып 32-34-тер шамасындағы Қасым-Жомарт Тоқаевқа жолықтым. Ол КСРО елшілігінің осындағы бірінші хатшысы екен. Тым сабырлы. Болайын деп тұрған адамға тән болмысындағы ұшқыны бір қарағанда-ақ аңғарылады. Қытайдағы екі күн лезде-ақ өте шықты. 1989 жыл — Қытай үшін қиын кезең еді. Үкіметке наразылық білдірген жастар қозғалысы аяусыз жаншылып, жантүршігерлік жаза қолданылған. Бір жағынан, бұл Горбачевтың қайта құру идеясының азиялық көршіге жетуі болатын. Қайта құрудың ұрандары қытай жастарының ой-санасына әсер етіп, олар билік басындағылардың сыбайлас жемқорлығынан, әлеуметтік теңсіздіктен құтылудың бірден бір жолы реформа жасау деп ойлаған.

Қытайға жолы түскен саясаткердің де, қарапайым адамның сұрайтыны да осы төңіректегі сұрақтар еді. Дәл бір өзіміздің "үйдегі" барлық мәселе шешіліп қойғандай, онда барғанда "неге, неге?" деген сұрақты тықақтай қойып, оған нақты жауап ала алмайтынымызды білсек те, көңіл-күй ауанынан аса алмай қалып жаттық. Осыны енді Қасым-Жомарт Кемелұлынан да сұрап қалдым. "Саясаттағы адамгершілік пен адамгершілік саясатының ара жігін білесіз ғой. Достық қарым-қатынас орнатып отырған мемлекеттің саясатын құрметтеуден бас тарту имандылыққа жата ма?" деп өзіме қарсы сұрақ қойды. Мен бұдан әңгіме түйінін түсінгендей де болдым, бірақ түсінбегенім де көп еді. Түсінбегенім — дипломатиялық жұмыстан бейхабарлығым, түсінгенім — айтылған әңгімелер арасынан айтылмаған әңгімелерді "ұғу" керектігі. Іштей қысылып қалдым. Мына өмірде көп түртініп, өнімсіз жүріп қалатындар болады, әу бастан өз орнынды табу алтын кенін тапқанмен бірдей екен ғой. Сол сапардан елшілік хатшысына риза болып аттандым. Журналистік сапарымнан мол олжамен оралғандай қуандым.

1992 жылы ол елге қызметке шақырылды. Бірден жас, тәуелсіз елдің Сыртқы істер министрінің орынбасары болды. Ол кезде елдің Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменов еді. Сыртқы саяси ведомство мемлекетіміздің дербес халықаралық саясатын қалыптастыру үшін қандай тер төккенін Елбасы Н.Назарбаев өзінің "Ғасырлар тоғысында" деген кітабында былай баяндайды: "Бізде сыртқы саясаттың қызмет дәстүрлері болған жоқ. Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі нағыз дипломатиялық міндеттер орындаған жоқ. Өзінің алдында осындай күрделі проблемалар тұрған, бірақ шетелде бір де бір дипломатиялық өкілдігі жоқ, сыртқы саясат дәстүрлерін айтпағанның өзінде, сыртқы саяси мәселелер жөнінде ең қарапайым әзірлемелері жоқ, білікті кадрлары жоқ елді көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші... Біздің сол кездегі жағдайымыз ешбір сандырақ болмағанымен, соншалықты қайғылы жағдай болды. Жеткілікті кемелденген әлеуеті, пайдалы қазбаларының орасан зор қорлары бар, білікті еңбек ресурстары, өз аумағында ядролық қаруы бар мемлекет Қазақстанның бір де бір халықаралық шарты болған жоқ. Егер біз шұғыл түрде өзіміздің сыртқы саясатымызды қалыптастыруды бастап кетпеген болсақ, біздің мүдделерімізге орасан зор нұқсан келері де түсінікті".

Жаңаның тамыры көнемен сабақтасып жатады. Өз кезеңінде қазақтар да дәуірлеген. Қазақ елшілері моңғол, қытай, орыс патшаларының алдында мәселені бір ауыз сөзбен-ақ шешіп келген. Алшаң басып келіп, алшаң басып кеткен. Бірақ дәурен баста тұрмайды екен. Далалық саясаттың ережелері мен шарттары, қағидалары қазірге жүрмейді. Өмір өзгерген. XX ғасырдағы жақсы нәрсе XXI ғасырға өтпейді. Бірақ идеялардың жаңа сипатта қайталануы — заңдылық. Осылай сыртқы саясатты уысында ұстап отыратын азаматтың қажеттілігін уақыт өзі тудырды.

Қазақта "Атқа міндің — ажалға міндің" деген сөз бар. Оның ішінде елдің сыртқы елдермен байланысын, ынтымағын қамтамасыз ететін азаматтың қылпыған ұстараның жүзінде тұратыны шын. Бір кездегі одақтық министрлік шаңырағынан елдіктің үлкен жоқтаушысы болу интеллект байлығын ғана байқатып қоюмен шектелмейді, ол бойдағы барлық таланттың ұшқындап тұруын қажет етеді. Сират көпірдің үстінде жүргендей боласың... Бұл ғұмырымда көпті көрген адам ретінде және ұзақ жылдар бойы идеология саласындағы республикалық ірі мекемені басқарған тәжірибеме сүйеніп айтарым: Қ.Тоқаевтың "Беласу" кітабы өз өмірін мемлекеттік қызметке арнаған азаматтар үшін таптырмас тәлім берер талантты шығарма. Осы кітаптағы кейбір деректерді автордың баяндауымен сабақтастыра отырып ой бөлісіп көрейік.

"Әлі есімде, 1993 жылы Сыртқы істер министрлігінен Ресейдің жаңа Премьер-Министрі В.Черномырдиннің Алматыға келуін ұйымдастыруға жедел тапсырма алдым. Біз халықаралық протокол тәжірибесінде қабылданғандай етіп жасауға тырыстық. Ресей Премьерін жоғары шетелдік қонақ ретінде қабылдамақ болдық. Ол кезде сыртқы саясат ведомоствосының іс-қимылын бәрі бірдей мақұлдай қоймаған. "Әуре болудың" қажеті қанша, "өзіміздің адам ретінде" қабылдаймыз десті. Айта кету керек, В. Черномырдиннің өзі де мұндай қабылдауға әзір болмай шықты. Жоғары шетелдік қонақты қошеметтеу үшін ұшақтың бортына көтерілген Сыртқы істер министрлігінің хаттамашысына ол: "Істеген істерін-ай! Қазақстан енді — шетел", деді.

Бұл дипломатияның жаңа үрдісін қалыптастырудағы сынақ та еді.

Қазақстанда дипломатия туралы және жоғары саяси деңгейдегі бейресми араласу жөніндегі түсініктер әлі де бұлдырлау қалыптаса бастаған 90-шы жылдардың басында АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Д.Бейкер Қазақстанға келгенде, оны саунаға шақырып, онда олар Қазақстанның мемлекеттердің әлемдік қауымдастығына кіру шарттарын әңгіменің өзегі еткен болатын. Араласудың мұндай түрінің американ дипломатына ұнағаны соншалық, ол кейіннен өзінің үлкен естелік кітабында бұған арнайы тарау арнапты да, ол тарауды "Монша дипломатиясы" деп атапты. Д.Бейкер американ дипломатиясының тарихында бірінші рет өзінің маңызды кездесуі туралы құпия мәлімдемені өз бағыныштыларына тырдай жалаңаш, қолына сыпырғы ұстап отырып жаздырғанын еске алады. Бұл қоғамның бір санадан екінші санаға өтуіндегі жаңа болмыс, мақсат пен мүддеге жетудің өзгеше жолы шығар. Ең бастысы, осындай оқиғаларды дипломатиялық китұрқысыз, адал, ашық айтып, жазудың өзінде де бір адалдық бар ғой".

Дипломатия бір мемлекеттің сыртқы саясат саласындағы мақсаттары мен міндеттерін қорғауға бағытталған сол мемлекет пен үкімет басшыларының және сыртқы істер ұйымдарының халықаралық қатынастағы саяси әрекеті, яғни өз ұғымымызға жақынырақ етіп айтсақ, мемлекеттік ұлы шаруаны ойдағыдай етіп атқару. Ол "жақсы" деген қадірлі ұлдардың қолынан келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Сыртқы істер министрінің орынбасары болып жүргенде жетпегенін жеткізіп, болмағанын болдырған істің бірі "Байқоңыр" ғарыш айлағының мәртебесі. Сол кезең көзімен қарағанда "Байқоңыр" таластың көзқұртына айналды. Ол Қазақстанның ғана емес, Ресейді қосқанда бұрынғы кеңестік республикалардың да ортақ игілігі болатын. Бірақ соны біле тұра біздегілердің біразы "ғарыш айлағын жауып тастау керек, сонда Қазақстанның егемендік құқықтары сақталады, қоршаған ортаға да зиян тигізбейміз" десе, бірі оны "халықаралық ғарыш портына айналдыру керектігін" жақтап жатты. Ресей жағы да қарап жатпады. Дегенмен, бұл мәселе президенттердің жеке кездесуінен кейін түпкілікті шешілді. Ғарыш айлағын пайдаланғаны үшін қазақстандықтардың шарттарына көнбеу керек деген қол астындағылардың "айтақтарына" Б.Ельцин бұл мәселені әділ шешкісі келетінін ашық айтты. Ресей ғарыш айлағын пайдаланғаны үшін ақы төлейтінін де жасырмады. Солай болды да. Қазақстан жағындағылар: "Толық егемендігін алу керек еді", — десе, ресейліктер: "Ельцин Назарбаевтың жетегінде кетті", — деп даурықты. Бірақ уақыт өте келе мәселенің осылай шешілгендігінің әділ болғанын екі жақтағы "қызба" адамдардың өздері "күле" отырып мойындайды. Шындығында, осы құжат екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға әлі күнге дейін септігін тигізіп келеді. Сыртқы саясаттағы мәселенің тігісін жабу үшін қоқырайып жүрудің түкке қажеті жоқ. Адамдар мен адамдардың түсінісуі арқылы мемлекеттер тіл табысады деген рас екен.

1992 жылдары Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасында қос азаматтық мәселесі жұртты қатты елеңдетті. Келісуге болмайды, бірақ егесу де абырой әпермейді. Сол кезеңде Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Сыртқы істер министрі Андрей Козыревпен жылы, достық рәуіштегі қарым-қатынасы мәселенің дұрыс шешілуіне оңды ықпал еткенін көбіміз біле бермейміз. Мұндай келісімдерге қол қою қажеттілігіне өз басшысының көзін жеткізуі А. Козыревтің де кісілігі.

Қазақстанның мемлекеттік шекарасының халықаралық шарттармен толық бекітілуі асқан білімділік пен ерекше қайраткерлікті талап еткенін түсінгенімізбен, төгілген тердің бағасын сезіне алмауымыз мүмкін. Солай болу керектей қабылдай саламыз.

Баяғыда бір патша өз сарайындағы суретшіден:

— Ненің суретін салу қиын? — деп сұрапты.

— Ит пен аттың суретін, — дейді суретші.

— Ал ненің суретін салу оңай?

— Дию мен аруақтың, — депті суретші. — Ит пен атты адамдар күнде көріп жүр. Сондықтан олардың суретінен сәл қате жіберсең, біліну қалады — қиындығы сонда. Ал дию мен аруақтың түр-түрпаты жоқ, олардың қандай болғанын жұрт білмейді. Ендеше ойыңа келгенін сала бер. Жұрт сене береді — мұның оңайлығы сонда, — депті.

Мың қатпарлы саясат біздің түсінігімізде кейде ит пен аттай, кейде дию мен аруақтай.

Министр Қасым-Жомарт Тоқаевты шет елде саясаттағы қазақстандық бренд деп қабылдады. Бұған оның мемлекетаралық келіссөздер жүргізудегі интеллект байлығын аңғартатын пайымды дәйектемелері ғана емес, өзгенің ұстанымындағы осал тұстарды нақ басып, сендіре білуі себеп болса керек. Мұндай қасиет біліммен ғана емес, біліммен, қанмен келеді-ау. Себебі Қасым-Жомарт Тоқаев оқыған Алматыдағы №25 мектепте Владимир Жириновский де оқыпты. Ол да білімді, ол да саясаткер. Бірақ біреуі елдің ынтымағын, бірлігін, гүлденуін ойласа, біреуі қиратуға, бұзуға, жоқ жерден дау туғызуға бейім. Білімге ілім қосылмаса, "аттың басы басқа жаққа бұрылып кете береді". Адам өмірі жарасымдылыққа қызмет істеуі керек. Ол содан мерейленеді, мейірленеді. Мерей адам жанын жетілдіреді, кемелдендіреді. Кемел адамның ішінен нұр шашылып тұрады. 1999-2002 жылдары Премьер-Министр қызметін атқарған тұста кездесудің сәті тағы түсті. Журналистермен ашыла отырып әңгімелесті. Тәуелсіздікті тек тілге тиек ете бермей, көңіл-пейілге, іске аудару керектігін емеурінмен ұқтырды. Менің есіме мына тәмсіл түсті: "Ертеде бір патша: "Білімді етіп тәрбиелеп бер", деп ұлын ұстазға беріпті. Мерзімі өтіп, баланы әкесіне алып келіп:

— Тақсыр, ілім-білімді үйреттім. Ұлыңыз зерек екен, — дейді ғалым.

— Рахмет. Олай болса шәкіртіңіздің білімін сынап көрелік. Менің тәжімнің астына не нәрсе тығылған? Соны айтшы, — дейді патша.

Бала қолына қалам-қағаз алып, есептей бастайды. Тәж астында тұрған заттың домалақ, айналасы ақ, ортасы сары екенін айтады. Енді оның атын айту ғана қалады.

— Шамасы күн болар, — дейді бала.

Патша тәж астындағы заттың жұмыртқа екенін айтып:

— Түсін түстегенімен, атын білмеді-ау, — дейді көңілі толмай.

— Уа, тақсыр, балаңыз оқыған ілім-білімнің арқасында жасырылған заттың домалақ, айналасы ақ, ортасы сары екенін тапты. Оған қабілеті жетті. Әйтсе де, тәждің астына күннің сыймайтынын ойлауға сезімталдығы жетпеді. Шәкіртіме білім үйреткеніммен, сезімталдық бере алмадым. Білім — бізден, парасат — сізден. Парасат атаның қанымен даритын нәрсе, — деген екен. Шындығында, Қасым-Жомарттың патша баласынан бір айырмашылығы — оның парасатында еді. Ол оның әр ісінен, сөзінен аңғарылып тұрады.

Қасым-Жомарт Тоқаев қайтадан Сыртқы істер министрі, Мемлекеттік хатшы, 2007 жылдың қаңтарынан бастап Сенат депутаты, Сенат спикері. Мемлекеттік жүйедегі екінші адам. Мансапқа өкпесі жоқ. Лауазымды қызметтердің дәмін татты. Кемел Тоқаевтай қайратты қаламгердің баласы саясатта шыңдала жүріп көкірегіне шежіре жинапты. Өткінші емес нәрсенің бірі жазу екенін ұғыныпты. Оның қаламынан туған "Қазақстан Республикасының дипломатиясы", "Жаһандану жағдайындағы Қазақстанның сыртқы саясаты", "Под стягом независимости" деген кітаптары халықаралық қатынас мәселелерін оқитын студенттерге, мамандарға арналады. "Свет и тень" кітабы руханият саласындағы елді елең еткізер ерекше еңбек екені даусыз. "Беласу" кітабы әлемдік саяси әдебиеттегі жаңа нұсқа. Онда Қазақстанның Ресей, АҚШ, Қытаймен қарым-қатынасындағы өзі куә болған эпизодтар баяндалады. Осы кітаптың соңында Қасым-Жомарт Тоқаев былай деп жазады: "Сонау 1985 жылы тәуелсіз Қазақстан Республикасының Президентімен кездескеніме тағдыр маған қаншама ғұмыр берсе, соншалық ризашылық айтып өтем. Сол бір қысқа кездесу болмаған болса, менің туған жерге оралуым екіталай еді, өз Отаныма ғана емес, одан тысқары көптеген жерлерге де танымал болуым мүмкін болмас та еді. Бұл үлкен жүректі адам менің қабілетіме сенді, сенді де оны өзім туып-өскен Қазақстан игілігі үшін аямай жұмсауыма жол ашты.

Дегенмен де, неліктен жаңа мемлекеттің үлкен саясатымен айналысу, құрылысына ортақтасу бақыты маған, менің пешенеме жазылды екен? Жазмыш деген бар ма? Әлде: "Жазмыш деген жоқ, тек кездейсоқ сәттілік қана бар", деген Конфуцийдікі жөн бе?

Сонау ғарыштан естілгендей тағы бір үн, Иерусалим патшасы Дәуіттің ұлы Экклесиастың мына бір пайымдауы да дұғадай болып естіледі: "Жарыста озу — шапшаңдарға, жеңіс — ержүректерге, несібе — даналарға, байлық — парасаттыларға, жолы болу — шеберге бұйыра бермейді, бірақ уақыт пен кездейсоқ сәттілік солардың бәріне де ортақ". Бір қарағанда түрлаусыз болып көрінетін осы ұғымдар адамның өмірлік жолын белгілейді. Жаратушы маған жомарттық пен мейірімділік танытты, ол маған уақыт пен сәттілікті берді. Алуан қырлы өмір сүруге лайық басқаларға да мен ләйім сәттілік пен жақсылық тілеймін", — деп жазады.

Шындығында, Президент таңдауының дұрыс болғандығына ел де қуанады. Оның жүрегінің ақ, алақанының таза екендігіне имандай сенім бар. Сенім бар жерге ырыс келеді. Ырысы бар мемлекет ілгері басады.

**Малрид РЫСБЕКОВ,**
**Қазақстан журналистері ұлттық кәсіподағының президенті.**

• Тәуелсіздік талаптары

# Салиқалы сұхбаттың сабағы мол

**Әбдеш ҚАЛМЫРЗАЕВ,**
**философия ғылымдарының докторы, профессор.**

Қазақ тілді газеттердің басшыларымен сұхбаттасу идеясын Елбасының өзі ұсынған. Қоғамда қордаланып қалған ел тағдырына байланысты бірқатар мәселелерге өз ойын білдіруді мақсат етсе керек. Сұхбатты теледидардан көріп, газеттерден оқып шықтық. Әңгіме салиқалы сипатта, мазмұны терең, бағыт-бағдары нақты, айтқан ойлары көңілге қонымды, жұртшылықты толғандырып жүрген жайлардың көбіне түсінікті, қарапайым тілмен жауап берілген екен.

Өміріміздің барлық саласы — экономика, саясат, білім мен ғылым, әлеуметтік жағдай, мәдениет, әдебиет, тіл, халықаралық хал-ахуал жайлы тегіс қамтылған.

Елбасы экономика жайын сөз еткенде ел арасында айтылып жүрген әртүрлі алып-қашпа сөздерді еске алып, соларға түсінік бере кетуді де жөн көрген.

Жұртшылық арасында экономика дамуына байланысты түрлі сөздер айтылады, бірі біліп, бірі білмей айтылады. Мәселен, экономиканың шикізаттық сипаты басым, өндіру бар да өңдеу жоқ. Тауар шығару жағы ақсап жатыр. Елімізде жұмыссыздық өршіп тұрғанда сырттан жұмысшылар мен мамандар тасу басымдыққа ие. Биліктегілер не көріп отыр деген сипаттағы сыни пікірлер аз емес екені белгілі. Бұған Елбасы анық та айқын жауап берген.

Сырттан инвестиция тарту дегеніміз — әншейін шетелден қаржы әкелу ғана емес, оның технологиясын қоса әкелу деген сөз. Өзімізде қаржы табылғанмен, өндірісті жүргізетін технология жоқ. Шетелдіктер өз технологиясын ешкімге бере салмайды. Ол өз пайдасын ойлайды, инновациялық жаңалығын біреуге беріп, өзіне бәсекелестікті қолдан жасамайды. Өз технологиясын өз қаржысымен келіп, өзі жүзеге асырады. Сол арқылы тиісті пайда табады, өз мамандарын, жұмысшы-қызметшілерін еңбекпен қамтамасыз етеді. Жергілікті мамандар мен жұмысшыларға онша сенім көрсетіле бермейді. Бұл қазақстандықтарға ұнамайды.

Сырттан инвестиция тартпайын десек, өндірісті қамтамасыз ететін қаржы табылса да, технология мен білгір мамандар жетіспейді, шетелдіктер өз өндіріс құпиясын жасырып ұстайды.

Мұны жете түсіне бермейтін жұртшылық билікке ренжиді, жұмыссыздық болса мынау, жастар босып жүр, ал біздің өндірісте, құрылыста шетелдіктер қаптап жүр, үкімет халық қамын ойламайды деп, айтылып та, жазылып та жатыр.

Сонда не істеуіміз керек, шетелдік инвестицияны әкелмей, озық технологияны қолданбай, өндірісті, мейлі мұнай, газ саласында болсын, бәрін тоқтатып қоюымыз керек пе? Әрине, жоқ. Шикізат саласына болса да әзірше сырттың инвестициясы керек. Билік бұл әлсіз жерімізді білмей отырған жоқ. "Мұнай мен газға арқа сүйеп отырған ел жалғыз Қазақстан емес, Америка Құрама Штаттары да солай. Парсы шығанағындағы араб мемлекеттері де солай. Норвегия да солай", деді Елбасы.

Шикізат қоры мол екен деп, оны оңды-солды пайдаланып, ысырапшылдыққа ұрынбауымыз керек. Өйткені, табиғаттың қазба байлығы бүгінгі ұрпақтың ғана емес, келер ұрпақтың да несібесі екені белгілі. Сондықтан да билік мұнай мен газдан түскен қаржыны үнемді пайдалана отырып, экономиканы әртараптандыруға, бұл жолда индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жасап, жүзеге асыруды қолға алды. Экономиканың шикізатқа байланып қалмауынан құтылудың бірден-бір ұтымды жолы осы.

Қазір елімізде жүзеге асырылып жатқан 30 корпоративтік көшбасшы бағдарламасы осы саясаттың жемісі. Нанотехнология, биотехнология, инженерлік генетика — ғылымның бүгінгі соңғы табыстарына негізделген салалары болып табылады. Бұл бағытта бізде шаралар қолға алынып жатыр.

Бір сөзбен айтқанда, Елбасы экономиканың шикізатқа тәуелді болуынан құтылудың жолдары қарастырылып жатқанын, үкіметтің қол жеткенге мәз болып қарап отырмағанын ашып айтты. Инновацияны жүзеге асыру үшін ғылым керек, ғылым үшін білім керек, жаңалық енгізілгеннен кейін жаңадан ғылым керек деген ойды қадап айтты.

Сонымен бірге бұл индустриялық-инновациялық даму шаралары не үшін жүргізіліп жатыр? Мұның бәрі елдің экономикасының тұрақты дамуын, халықтың әл-ауқат дәрежесінің арта беруін қамтамасыз ету үшін жасалып отыр. Мұнай мен газдан түскен қаражат Ұлттық қорға жинақталып, қиын күндер туғанда кәдеге асатын болады. Қазір осы қорды қоса есептегенде, еліміздің резерві 40 миллиардқа жетіп отыр. Бұл қазір әлемді жайлаған қаржылық-экономикалық дағдарыстан зардап шекпей, әлеуметтік құлдырау, күйзеліске ұшырамай аман шығу үшін осы резерв бізге қолайлы жағдай жасауда.

Дүние жүзінде сыр бере бастаған бұл қаржылық дағдарысқа қарамастан, еліміздің әлеуметтік саясаты ешқандай құлдырауға ұшырамайды, биылғы Жолдауда жария етілген шаралар толығымен жүзеге асады, деп Елбасы халықтың көңілін сергітіп, ертеңгі күнге сенімін бекіте түсті. Өйткені, әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығы — еліміздегі саяси ынтымақты, татулықты, келісімді сақтаудың бірден-бір шарты екені сөзсіз.

Экономикамен қатар Елбасына берілген сұрақтар қоғамның рухани дамуын да қамтыды. Бұл сауалдарға Н.Назарбаев нақты жауаптар берді. Ана тіліміздің дамуы және оның болашағына қатысты салмақты да сабырлы ойлар айтты. Қоғамда әртүрлі әңгіме туғызған "Тілдердің үштұғырлығы" бағдарламасына байланысты өз ойын шебер жеткізді. Елбасының бұл жөніндегі жауаптары дәлел-дәйегінің артықшылығымен көптің көкейінен шықты. Бұл бағдарлама ел ішінде түрлі қарсылықтар туғызғаны мәлім. Осы мәселе бойынша да Президент өз ойын сұхбат кезінде ашық та, ашып та айтты.

"Менің ел басшысы ретіндегі де, қазақ ретіндегі де парызым қазақ тілін өсіріп-өркендету...

... Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз... Өз баласын қазақша сөйлетпеген қазақтың "қазақ тілі" деп сарнауының ешбір реті жоқ. Өркениет өнегесі — өз тіліңмен өмір сүру..."

Міне, бұл жолдарды Елбасының сұхбатынан келтіріп отырмын. Осы сөздерді айтқан адамның өз ана тілін қалай қастерлейтіні анық көрініп тұрған жоқ па?

Үштұғырдың екінші, келесі баспалдағына орыс тілін неге қоямыз? Бұған да Елбасы нақты дәлел айтты. Ғылымның, білімнің тілі, достықтың тілі ретінде орыс тілінің қадір-қасиеті бөлекше. Орыстың тілі экономиканың да бір тетігі. Біздің басты базарымыз Ресей... Ресей біз үшін нағыз нарықтық кеңістік, деді Н.Назарбаев.

Көңілге қонымды сөз. Ресеймен сауда-саттықсыз күніміз жоқ екен. Сонда орыс жеріне барып, өз шаруамызды жүргізу үшін тілмәш жалдап жүруіміз керек пе? Мұның өзі қосымша шығын емес пе? Тіл білмесең, тауарыңды қалай өткізесің.

Ағылшын тілі туралы айтқанда Елбасы бұл тілдің қазақтарды, қазақстандықтарды шын мәнінде әлемдік аренаға алып шығатындығын қадап айтты. Балаларымыздың ағылшынша білуі — уақыт талабы. Ағылшын тілі XXI ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл... Ағылшын тілін ортамызға жібермейміз деу бос әурешілік. Ол бұзып-жарып-ақ кіре алады, деді Елбасы.

Иә, бүгінгі мақсат кемінде үш тілді меңгеріп, замана көшінен кешеуілдеп қалмау болып табылады. Елбасы айтқандай, үш тілді білуді нақты мақсат етіп қоя аламыз, ол мақсатқа жете аламыз. Тек әр адамның ынтасы-ықыласы керек.

Тарихи сананы жаңғырту, өткенге деген ілтипат сезімін ояту жайы да әңгіме тақырыбына арқау болды. Бұл бағытта істеліп жатқан жұмыстарға Елбасы көңілі толатынын айтты. "Мәдени мұра" бағдарламасын жүзеге асырудың бірінші кезеңінде 2 млрд. 729 миллион теңге бөлінсе, екінші кезеңінде, яғни 2007-2009 жылдарға 4 млрд. теңгеден астам қаржы бөлініп отыр. Бұл мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған үлкен көмек. Осы қаржыны үкімет жұмсауға жер таппай отырғандықтан бөліп отырмағаны белгілі.

Бұл жұмыстың тарихи, саяси, этно-мәдени және тәрбиелік мәні ескеріліп, үлкен қаржы жұмсалып отыр.

Біз бұл бағдарламаны, — деді Елбасы, — ел халқының рухани қазынасын өзіне таныту үшін, сонан кейін әлемге таныту үшін қолға алғанбыз.

Бұл шаралар елдің тарихи жадын жаңғырту арқылы ұлттың мақтаныш сезімін, қазақстандық патриотизмді орнықтыруға қызмет етеді. Сондықтан да Елбасы осы мәселеде науқаншылыққа салынбауды, жұмысты ғылыми негізде тиянақты жүргізе беруді тапсырды.

"Мәдени мұраны" жүзеге асырудың мәні зор. Ол асығыс-үсігіс том-том кітап шығару немесе бұрын белгісіз болып келген қолжазба, ескі құжаттарды елге жеткізу немесе тарихи және мәдениет ескерткіштерін жаңғырту, ескі қорғандар мен қорықтарды қалпына келтіру ғана емес, солардың бүгінгі ұрпаққа, тәуелсіз Қазақстанға қызмет етуін қамтамасыз ету болып табылады. Елдің мақтанышын туғызып, өткенді қадірлеуге, тарихқа құрметпен қарауға, жастардың отаншылдық сезімін оятуға көмектесуге тиіс. Өткеннен сабақ алуымыз, ежелгі құндылықтардың бүгінгі өмірге пайдасы тиюі қажет.

Алдымызда үлкен міндеттер тұрғанын Елбасы тағы да еске салды. Тәуелсіздіктің толыққанды шежіресін жазу, соңғы онжылдықтағы қоғамдық үдерістерді терең ой елегінен өткізу, саяси саралау, тарихи таразылау тұрғысынан көп жұмыстар тұрғанын ол қадап айтты.

Бұл жөнінде зиялы қауым өкілдеріне жүктелетін үлкен міндеттерді де атап көрсетті. Тәуелсіздіктің көркем шежіресін жасау, өз дәуірінің жырын жырлап, мұңын мұңдау, жаңа Қазақстанда болып жатқан жаңаруларды ой елегінен өткізіп, елдің көркем жылнамасын жасау — еліміздің суреткерлерінің азаматтық әрі кәсіби парызы болуға тиіс. Бір сөзбен айтқанда, еліміздегі жаңару құбылыстарын зерделеуші, көркем сөзбен кестелеуші, дәуірдің тынысын кәсіби шеберлікпен халыққа жеткізуші біздің зиялы қауым болуға тиіс.

"Мәдени мұра" бағдарламасы көнені жаңғыртуды, туған ел тарихын тірілтуді ғана мақсат тұтпай, Қазақстанның экономикасын әлдендіруге де қызмет етуге тиіс. Мәдени мұраны жаңғырту арқылы халықаралық туризмді жандандыруға болады. Сол арқылы ел экономикасына сүбелі үлес те қосуға болады. Әлемде осы туризм арқылы-ақ өз несібесін тауып отырған елдер баршылық.

Ономастика проблемасы туралы да Елбасы көңілге қонарлық салиқалы пікір білдірді. Біздің жергілікті және жоғары биліктегі басшыларға сабақ боларлық ескертпелер жасады, мәселеге қоғамдық мүдде тұрғысынан келу керектігіне назар аударды. Бөгде атауларды өзгертеміз деген дақпыртпен ескі есімдердің бәрін сыпырып тастаумен әуестенбеуге, елдің, жердің тарихи атауларын қайтару кезінде асыра сілтеушілікке жол бермеуге, әлемдік өркениетте орны бар адамдардың есімдерін қазақ емес деп алып тастауға болмайтынын ескертті.

Әлем тарихында ерлігімен, білімімен, өнерімен із қалдырған ұлы тұлғалардың халықтар достығын нығайта түсуге септігі тиген асыл азаматтардың аттарына берілген көшелерді мүмкін болғанша өзгертпеген жөн, деді Елбасы.

Ономастикалық комиссиялардың жауапкершілігін арттыру қажет. Жасыратын несі бар, көптеген жерлерде "атамның атын ауылға, көкемнің атын көшеге" дегендей, қолдан келіп тұрғанда қонышынан басып, ел өмірінде ерекше із қалдыра қоймаған кісілердің орынсыз қолпашталуына тосқауыл қоюды талап етті. Жасыратыны жоқ, балалары мен немерелері билік басында отырса, бизнесмен не банкир болса, шалқыған байлық иесі атанса, жергілікті мәслихат пен атқарушы органдарға ықпал етіп, осындай жолсыздықтарға жол беріліп отырғаны ешқандай құпия емес. Елбасы мұндай әділетсіздікке тыйым салуды орынды көтерді. Сондай-ақ ол тарихты еске салып тұратын атаулардан жаппай бас тарту ретсіз деп көрсетті.

"Алаш" қозғалысы мен "Алаш" партиясы жөнінде де қоғамда әртүрлі әңгімелер айтылып жүргені белгілі. Кейбір тарихшылар, зиялы қауым өкілдері тарапынан бұл қозғалыс пен партияға нақты баға берілмей келеді, тиісті дәрежеде билік тарапынан бағалау жоқ, белгілі даталар атаусыз қалуда деген аракідік әңгімелер айтылып жүргені көпшілікке мәлім. Осыған орай алаштықтар туралы сауалдың берілуі орынды еді. Оған Елбасы берген жауап та сындарлы болды.

Әлдекімдер айтқандай емес, "Алаш" қозғалысы мен бұл аттас партия қайраткерлеріне саяси билік тарапынан көзқарас оңды, оның тарихта, қазақ халқының қоғамдық пікірінде орны ерекше, аса қымбат. Олардың тәуелсіздік, еркіндік идеясы жолындағы, қазақ мемлекеттігін орнату жолындағы ерлік еңбегі халқымыздың жадында. Оны ешкім де жоққа шығара алмайды. Алаш арыстарының ісі кейінгі ұрпаққа үлгі.

Міне, Елбасы қазақ тілді газеттердің жетекшілерімен екі сағат әңгіме жүргізді. Бұл оның уақытының көптігінен емес, еліміздің дамуының өзекті мәселелері жөнінен өз ойын, өз ұстанымын, өз пікірін, өз көзқарасын, өмірден білген-түйгендерін барша жұртқа түсінікті қарапайым қазақ тілінде жеткізуді мақсат етті. Әңгіме-сұхбат ел күткеніндей әсерлі шықты.

Енді Президент Әкімшілігі, Парламент, Үкімет, жергілікті билік, барша қоғам, зиялы қауым осы айтылғандардан тиісті қорытынды шығарып, ортақ іске атсалысулары керек. Айтылған ой мен ұсынылған ақыл-кеңестердің жүзеге асуы қамтамасыз етілуге тиіс. Елбасы сөзінен нақты нәтиже шығуын ел күтіп отыр.

Сұхбаттағы баянды пікірлер, салиқалы ойлар саяси-әлеуметтік сала қызметінің, рухани өміріміздің негізгі арқауы болуға тиіс. Өйткені, Елбасы сұхбатының берер сабағы мол. Әрбір ойлы азамат одан өзіне ғибрат, күнделікті қызметіне, кәсібіне нәр-азық, бағыт-бағдар алады. Бұл сұхбат оларды ойлануға, илануға, өз сенімін, өз ұстанымын тағы бір сараптауға мүмкіндік береді. Елбасы сұхбаты осынысымен қымбат әрі бағалы.

Сөз соңында тағы бір тілек: тек Елбасы ғана емес, мұндай сұхбатты салалық және өңірлік басшылар да беріп отырса, дұрыс болар еді. Мұның өзі басшыға да, халыққа да пайдалы. Кімнің кім екенін көпшілік әңгіме жауаптан-ақ байқап білер, аңғарар еді...